

4-бап

Қазақстан Тарабы түрік Тарабының алдын ала келісімін алмай-ақ түрік Тарабынан алынған материалдар мен қызметтерді немесе оларды пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеуге келісті.

5-бап

Осы келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы келісім өз әрекетін осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген атқару хаттамасына сәйкес ұсынылған материалдық көмекті және қызметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне толық берген сәтінен бастап тоқтатады.

Осы келісімді Тараптардың мынадай құзыретті органдары іске асыратын болады:

қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

түрік Тарабынан - Түрік Республикасының Бас штабы.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген қайшылықтар келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

2006 жылғы 26 қазанда Анкара қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Түрік Республикасының

Үкіметі үшін